

М. Бисембайұлы*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD-2 курс. Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

1930-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПОЛЬШАНЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ

Мақалада Екінші Речь Посполитаның КСРО және Германиямен дипломатиялық қарым-қатынасы, билеушілерінің аймақтық держава қатарына еруге құлшынысы, қабылдаған саяси шешімдерінің алғышарттары, Кеңес Одағымен ат құйрығын кесісіп, Германиямен ауыз жаласу себептері мен Англия және Франция сынды алдыңғы қатарлы елдердің Польшаға жасаған ықпалы жан-жақты қарастырылды. Орын алған саяси оқиғалар нәтижесінде миграциялық үдерістердің кең етек жайып, босқындар санының ұлғаюына, аталған уақытта депортацияны саяси құрал ретінде пайдалану әдістеріне жаңа қырынан баға берілді. Мақаланың мақсаты – Екінші Речь Посполитаның ұлттық және көші-қон саясаты мен алып мемлекеттермен байланысын зерделеп, Польшаның бөлініске салынуының саяси алғышарттары мен себеп-салдарын ақыл таразысына салу. Сонымен қатар, КСРО, Польша және Үшінші Рейхтің этнодемографиялық саясатын пайымдау маңызды. Нәтижесінде Қазақстандық зерттеушілердің жұмыстары, Батыс елдері зерттеушілерінің еңбектерімен қатар, кеңестік және посткеңестік ғалымдардың еңбектері пайдаланылып, Юзеф Пилсудский мен Юзеф Бектің саясатына деген пікірлеріне салыстырмалы талдау жасалды. Мақаланың нысаны – Польша үкіметінің алып елдермен жасасқан келісімшарттары. Салыстырмалы талдау, жинақтау, тарихи талдау әдістері қолданылды.

Осылайша, Екінше Речь Посполитаның ыдырауы Шығыс Еуропадағы көші-қонға себеп болып, этносаралық қайшылықтардың туындауына түрткі болды. Мәселені шешу үшін аталған елдер депортация саясатын жүргізді. Бұл оқиға Еуропаның саяси және демографиялық картасын түпкілікті өзгерткен еді.

Түйін сөздер: Польша, КСРО, депортация, босқындар.

M. Bissembaiuly

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

Migration processes in Poland's foreign and domestic policy in the 1930s and 1940s

The article examines in detail the diplomatic relations of the Second Polish-Lithuanian Commonwealth with the USSR and Germany, the desire of its rulers to join the ranks of a regional power, the prerequisites for such political decisions, the reasons for rejecting the alliance with the Soviet Union and rapprochement with Germany, as well as the influence of leading countries such as England and France on Poland. As a result of these events, the article assesses the consequences of mass migrations, the increase in the number of refugees, and the use of deportations as a political tool during this time. The aim of this article is to examine the national and migration policies of the Second Polish-Lithuanian Commonwealth, its relations with leading countries, and the political reasons behind the division of Poland. Additionally, it is essential to understand the ethnic and demographic policies of the USSR, Poland, and the Third Reich. To achieve this goal, the works of Kazakh and Western scholars, as well as those of Soviet and post-Soviet researchers have been analyzed. The focus of the article is to examine the policies of Jozef Pilsudski and Jozef Beck, assessing the agreements between the Polish government and other countries. Methods of comparative analysis, synthesis, and historical research were used.

In conclusion, it is noteworthy that the collapse of the Polish-Lithuanian Commonwealth led to migration in Eastern Europe, causing interethnic tensions. To address these issues, governments implemented a deportation policy. This event significantly altered the political and demographic landscape of Europe.

Key words: Poland, the USSR, deportation, refugees.

М. Бисембайұлы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

Миграционные процессы во внешней и внутренней политике Польши в 1930-е и 1940-е годы

В статье подробно рассмотрены дипломатические отношения Второй Речи Посполитой с СССР и Германией, стремление ее правителей вступить в ряды региональной державы, предпосылки принятых политических решений, причины отказа от союза с Советским Союзом, сближение с Германией, а также влияние на Польшу ведущих стран, таких как Англия и Франция. В результате произошедших политических событий дана оценка миграционным процессам, увеличению числа беженцев и использованию депортации в качестве политического инструмента. Целью статьи является изучить национальную и миграционную политику Второй Речи Посполитой и ее связи с лидирующими государствами и понять политические предпосылки и причины раскола Польши. Кроме того, важно осмыслить этнодемографическую политику СССР, Польши и Третьего Рейха. Были использованы труды казахстанских исследователей, работы исследователей западных стран, наряду с работами советских и постсоветских ученых для анализа политики Юзефа Пилсудского и Юзефа Бека. Объектом статьи являются договоры польского правительства с мировыми державами. Применялись методы сравнительного анализа, синтеза и исторического анализа.

В качестве вывода можно отметить, что Распад Речи Посполитой вызвал миграцию в Восточной Европе и спровоцировал возникновение межэтнических противоречий. Для решения проблемы указанные страны проводили политику депортации. Это событие окончательно изменило политическую и демографическую карту Европы.

Ключевые слова: Польша, СССР, депортация, беженцы.

Кіріспе

Германия мен КСРО арасында жасалған өзара шабуыл жасаспау туралы келісімі бойынша Екінші Речь Посполитаны Мәскеу мен Берлин бөлшектеп, жаулап алған еді. Бөлшектелген аймақтарда мәжбүрлеп қоныстандыру саясаты жүргізілді. Бұндай саясаттың жүзеге асуына тек Сталин мен Гитлердің жасаған саяси қадамдары емес, Англия сынды халықаралық аренада беделі бар ықпалды күштердің әсері болғанын ұмытпауымыз керек. Еуропадағы халықтарды мәжбүрлеп қоныстандыру соғыс және жер мәселесін шешу үшін жүргізілген саяси акторлардың ісі еді. Депортацияландыру мәселесін саяси құрал ретінде түсіндіру мақаланың бір өзекті тұсы.

1939 жылы 23 тамызда Германия мен КСРО арасында Молотов-Риббентроп деген атпен тарихта енген құпия хаттамаға қол қойылады.

КСРО мен Германия арасындағы құпия хаттамасының мазмұны мынадай:

Екі ел арасын бөліп тұратын шекара болып Литваның Солтүстік территориясы болып танылды. Литва Виленск облысына мүдделі екендігін танытқан жағдайда, екі тарап та бұнымен келісуге міндетті.

2. Нарев, Висла және Сан өзендері екі елдің шекараларын айқындаушы елді мекендер болады. Екінші Речь Посполитаның тағдырын екі тарап кейін шешуге уағдаласты.

3. Бессарабияға КСРО қызығушылық танытқанда, Германия бұл жер таласпайтынын білдірді. Кеңес Одағы өзінің ықпал ету аймағына енгізді.

4. Екі жақ та бұл хаттаманы қатаң құпия жағдайда сақтайтын болады. 1939 жылы 28-қыркүйекте «Достық және шекаралар туралы» кеңесгерман келісімі жасалды. Нәтижесінде Польша ыдырап, екі алпауыт мемлекеттер көршілес елдер атанды (Көкебаева, 2011а: 54-55).

1939 жылғы 23 тамыздағы Кеңес-Герман келісіміне сәйкес, Кеңес үкіметі үш Балтық елдерін, Румынияның Бессарабия аймағын, Буковина және Финляндиядағы Карель мойнағын өзінің қарамағындағы жерлер деп таныды.

Польша ыдырағанда, саны жағынан басым славян халықтары КСРО азаматтары атанды. 1936 жылы, 1939-1941 жылдары бұрынғы Польшадан поляк, неміс, еврей деген этностар Қазақ КСР және РКФСР жерлеріне көшірілді. Бұндай саяси ахуал тек Кеңес Одағында емес, Германияда, Венгрияда және Румынияда да орын алды (Каминский, Каминский, 2009: 201). Екінші Речь Посполитамен жапсарлас Венгрия мен Словакияда үздіксіз көші-қон орын алды. Польшаның ыдырауы Шығыс Еуропада босқындардың көбейіп, этнодемографиялық ахуалдың күрт өзгеруіне, поляк халқының украин және еврей халықтарымен жанжалдасуына түрткі болды. Бұндай саяси-демографиялық ахуалдың астарын

ұғу үшін дипломатиялық қарым-қатынастармен қатар, Екінші Речь Посполитаның ұлттық саясатына назар аударған жөн.

Материалдар мен әдістер

Мәселелі-хронологиялық, тарихи талдау мен жинақтау және тарихи салыстыру әдістерімен қатар, Батыс және посткеңестік авторлардың еңбектеріне салыстырмалы талдау қолданылды. Депортацияның толқындары, уақыт шеңбері, Шығыс Еуропадағы елдердің геосаясатқа ықпалы, соғысқа дейінгі және кейінгі мәжбүрлі миграциялардың табиғаты пайымдалып, соғыс аяқталған соң орын алған репатриация саясатына баға берілді. Жүйелілік әдісі тақырыпқа қатысты бар мәселелерді топтастырып, оларды бір-бірімен байланыстырып, бағамдауға көмектесті. Орын алған саяси үдерістерді сипаттаумен қатар, көші-қон толқындары мен адам санын көрсету үшін сандық көрсеткіштер жиі қолданылды.

Польшаны екі алып елдің бөліске салуы, Мәскеу мен Берлин арасындағы құпия байланыс шетелдік тарихшылардың да, отандық тарихшылардың да еңбектерінде баяндалған. Батыс елдерінің Германияға қатысты жүргізген «пейілдендіру» саясатының салдары, Кеңес Одағының Германиямен астыртын келіссөзі жан-жақты зерттелген (Көкебаева, 2011). Екінші Речь Посполитаның шығыс аймақтары Беларусь КСР және Украин КСР елдерінің құрамына кірген соң, бұрынғы тұрғындарының қазіргі Литва, Беларусь және Украина елдеріне қалайша қоныс аударып, зобалаң саяси ахуалды басынан кешіргенін, бұл халықтардың жаңаша мемлекеттік құрылыс жүйесін құрғандығы Снайдер (Снайдер, 2003), Струнец (Струнец, 2011), Армстронг (1990) еңбектерінде талданды. Еврей халқының Кеңес Одағына және Германияға деген көзқарасы Баранидің (Барани, 1983) еңбегінде талданса, Чиенциала (Чиенциала, 2011) еңбегінде Екінші Речь Посполитаның соғысқа дейінгі сыртқы саясаты талқыланды. Бұл еңбектерде Польшаның соғысқа дейінгі ұлттық мүддесі баяндалмады. Мақала бұл олқылықтардың орнын толтыруға тырысады.

Талдау

1939 жылдың қыркүйегінен 1941 жылдың маусымы аралығында КСРО 1 млн 692 мың Польша тұрғындарын, оның ішінде 230 мың поляк офицерлерін Солтүстік Ресей, Қазақстан мен

Сібірге күштеп қоныстандырды (Орзелл, 1976: 38). КСРО қарамағына өткен поляк, неміс және еврей халықтарының саны бойынша статистика әртүрлі. Мысалы, 1939 жылдың қыркүйегінен 1940 жылдың шілдесі аралығында 2 млн еврей Кеңес Одағының қарамағына өтіп, оның 300 мыңы мәжбүрлеп қоныстандырылды деген еврейлерге қатысты дерек бар (Редлих, 1969: 26). Поляктарға қатысты және соғыс тұтқындарына қатысты да бірнеше мәліметтер бар. Майкл Беллдің есептеуінше, Кеңес Одағы Польшаның шығысын қосып алған соң, 230 мың адам соғыс тұтқынына айналып, 1,5 млн Екінші Речь Посполитаның тұрғындары Кеңес Одағының ішкі аудандарына ауған (Белл, 1989: 66). Соғыстың алғашқы үш жылында 400 мың Екінші Речь Посполита тұрғындары мерт болып, 1 млн 250 мыңы көші-қонды басынан өткергені туралы дерек те бар. Барлығы 13 млн 500 мың халық тұратын жерді Кеңес Одағы жаулап алды (Чиенциала, 1996а: 408-409). 1934-1938 жылдары Қазақстанға Беларусь пен Украинадан 50 мың поляктарды депортациялады. 1936 жылдан бастап оларды тек ұлттық тегіне қарап қана күштеп бір жерден екінші жерге қудалады. 1939 жылы 17 қыркүйекте Кеңес Одағы елдің шығысына әскерді енгізгенде, 5,2 млн поляктар Кеңес үкіметі әкімшілігіне қарады деген дерек те кездеседі (Армстронг, 1990: 54).

Кеңес Одағының ішкі аймақтарына 900 мыңнан 1,5 млнға дейінгі Польша тұрғындары қоныс аударылды. Оның ішінде аштықтан, аурудан қайтыс болғандардың саны 300 мыңнан 750 мыңға дейін асып жығылады. Бақилық болған поляктардың саны-155 мыңнан 390 мыңға дейін (Армстронг, 1990: 56).

Кеңес Одағы Польшаның шығысын қосып алғанда, 200-250 мың еврейлер поляк әскери армиясының киімін киіп, КСРО сапында немістерге қарсы шайқасқан. Кейін еврейлерді поляк, украин және беларусь халықтарынан бөліп, жеке жасақ жасаған. 1941-1945 жылдар аралығында тағы да 20-30 мың еврейлер КСРО-ға келді. Бірақ олардың көбісі Венгриядан ауып келгендер еді (Барани, 1983: 199). Германиядан барлығы 336 мың поляк босқындары болды. 198 мыңы еврейлер болды. 1940-1941 жылдары барлығы 1 млн 200 мың адам Польша территориясынан Кеңес Одағына қоныстандырылды (Пиотровский, 1998).

Жак Вернанттың айтуынша, 1939 жылғы мамыр айына таман Германия, Австрия, Чехословакиядан қашқан босқын еврейлердің саны 401 мыңға жетті. Оның 207 мыңы Еуропадан

пана тапса, қалған 194 мыңы басқа елдерге кетті (Пинчук, 1978: 141).

1939 жылы 16 қарашада Германия мен КСРО келіссөз жасасты. Ол бойынша Германия өз жерінде өмір сүретін украиндар мен беларусьтарды Кеңес елінде өмір сүретін немістерге айырбастағысы келген. КСРО бұл ұсыныстан бас тартты (Пинчук, 1978: 144). Кеңестік Польшада пана тапқан еврейлердің саны 300 мыңға жеткен (Пинчук, 1978: 145).

Соғыс қарсаңында және соғыстың қызған алғашқы жылдарында көші-қон мен түрлі саяси және этнодемографиялық өзгерістер орын алды. Бұл миграцияның себеп-салдарлық байланысына немқұрайлылық және селкостық танылуда. Зерттеушілер бұны соғыс туындаған үдеріс деп ұғады.

Ал, шын мәнінде, бұндай миграциялық толқындарды осылайша түсіндіру сыңаржақ, біржақты екенін ұмытпауымыз керек. Бұндай кесепатты ахуалдардың орын алуын біз тек халықаралық жағдай тұрғысынан емес, соғысқа дейін және соғыс кезіндегі Польша елінің ішкі және сыртқы саясатындағы ұлттық әрі демографиялық мәселе тұрғысынан қарастырғанымыз жөн. Ол үшін Польшаның беделді тұлғалары-Юзек Пилсудский мен Юзеф Бектің қабылдаған саяси шешімдеріне мән берген жөн.

Нәтижелер мен талқылаулар

Германияда 1933 жылы оңшыл күштер билікке келіп, сыртқы саясатын түсіндірген кезде, Екінші Речь Посполитаның билеушісі Пилсудский 1933 жылы ақпанда Франциядан бірігіп, Германияға қарсы әскери қимылдар жасауды талап етті. Сол жылы Гданскте поляктардың құқықтарын тапталғанын көрген Пилсудский, Франция мен Англиядан Германияға соққы жасауды тағы да талап етеді. Ұлттар Лигасының араласуымен қайшылық аяқталады (Древеницкий, 1966: 112). 1933 жылы Ұлттар Лигасының жиналысында Польшаның қарсылығына қарамастан, Батыс елдері Үшінші Рейхке армия құруға келісім берді, Англия және Франция сияқты елдер Германияға әскер құру мәселесінде тең құқық беруге келісім берді. Польша Францияға сүйеніп, Германияға төтеп беруді ойластырған. Оңшыл күштер билеген алғашқы жылдарында Польша Франциямен бірігіп, Германияны жеңбесе, кеш болатынын білдірді. Үшінші Рейх 1934 жылдың қаңтарында Польшаға өзара шабуыл жасамау туралы келісімді ұсынады. Польша бұл келісім бойынша Франциямен ақылдаспақ болады, алайда, фран-

цуздардан жауап болмағандықтан, келісімшарт жасалады (Древеницкий, 1966: 114). Пилсудский Халықаралық Қатынастардың бұзылуына 1925 жылы қабылданған Локарна мен Рейн келісімі себеп болды деп ұққан. Ол бойынша, Үшінші Рейхтің батыс аймақтарын Батыс елдері қорғауға міндеттелді. Оның ойынша, бұл Халықаралық қауіпсіздіктің тұғырын шайқалтты (Бузинкай, 1965: 53). 1936 жылғы Испаниядағы азамат соғысында Италияның Франконы ашық қолдауы, 1937 жылғы Жапония-Қытай соғысының өршуі-Ұлттар Лигасының қауіп-қатер төнген жағдайда, қақтығыстың алдын ала алмайтынын, тоқтата алмайтынын көрсетті. Бұның бәрі Польшаның Ұлттар Лигасын қолдаудан бас тартуына себеп болды (Бузинкай, 1965: 75). Осыдан 1930 жылдардың басында Польша Германияға қарсы саясат жүргізгенін, Германия тарапынан төнген қауіптің бетін сейірту үшін Ұлттар Лигасына, Англия мен Францияға сүйенгенмен, олардан қолдау таппағандықтан, біртіндеп саясатын өзгерткенін аңғаруға болады.

Кеңес Одағы мен Үшінші Рейх қарым-қатынасына келер болсақ, олар арасында 1922 жылы Рапалло келісімшартына қол қойды. Ол келісімшарт бойынша Кеңес Одағы мен Германия арасындағы барлық өзара территориялық даулы мәселелерді шешу көзделді.

1925 жылы Германия Локарно келісімі арқылы Франциямен және Бельгиямен шекараны шегендеді. Онымен қоса, Екінші Речь Посполита және Чехословакия арасындағы кикілжіндерді шешкен болатын. Мәскеу Германия Батыспен жақындасып, КСРО-мен арасы салқындап кетеді деп қорыққан болатын. Осыдан кейін КСРО Германиямен жақындасуға тырысты (Кульский, 1978: 48-49).

1926 жылы Германия Кеңес Одағымен өзара достық және татуластық туралы келісімшартқа қол қояды. Соған қарамастан, КСРО Польшамен 1932 жылы өзара достастық және шабуыл жасамау туралы келісімге келеді. Сол уақытта Германияның Польшамен қарым-қатынасы салқын болғанын ескерсек, Германияға Кеңес билігінің бұл қадамы ұнамағаны белгілі (Кульский, 1978: 52).

Кеңес Одағының Польшамен жақындасуына негіз болды. 1930 жылы тамызда Варшавада Польша, Латвия, Эстония, Румыния, Югославия, Болгария, Венгрия мен Чехословакияның уәкілетті уәкілдері жиналып, саяси ахуал туралы әңгімелеседі. Кеңес Одағына қарсы әскери-саяси блок құру мәселесі көтерілді. Бірақ бұл ой жүзеге аспай қалады. 1931 жылы қаңтарда Польша

ша Румыниямен әскери одақ жайында келісімге келіп, Пилсудский Парижде ағылшын және француз басшылықтарымен кездесіп, Литва мен Венгрияны бұл одаққа қосу мәселесін көтерді (История Польши, 1958: 348).

1934 жылы 26 қаңтарда Германия және Польша арасында шабуыл жасаспау туралы келісімшартқа қол қойылды. Бұл Кеңес билігінің ашуын тудырды. КСРО 1934 жылы наурызда Балтық теңізі бойындағы елдердің қауіпсіздігін қорғау мәселесін көтеріп, Германиядан бұл аймақты қорғау жөніндегі келісімшартқа қол қоюға көндіруге тырысты. Германия бұған келіспеді. Алайда, Германия тарапынан жауап болмайды. КСРО 1935 жылы чехословактармен өзара достастық және түсіністік туралы келісімшартқа қол жеткізеді. КСРО Германияны тақымдап ұстауға болады деп ойлады. Алайда, 1936 жылы Рейннің алынып, 1938 жылы Чехословакиядан Судет облысын тартып алынғанын көрген Сталин, Германиямен жақындасуды күп көрді (Кульский, 1978: 55).

1933 жылы қазанда Гитлер Ұлттар Лигасынан шығу туралы шешімге келеді. 1933 жылы 15 қарашада Женевада Польшаның Сыртқы Істер Министрі Бек пен Германияның Сыртқы Істер Министрі фон Нейрат кездесті. Германия Польшаның шекарасын қорғайтынын, шабуыл жасамайтынын тағы да ауызша мәлімдеді. 1934 жылы 26 қаңтарда Польша Германиямен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу туралы келіседі. Бұл құжат 10 жылға мерзімделді (История Польши, 1958: 365-366). Франция мен КСРО 1934 жылы аймақтағы қауіпсіздікті сақтау үшін “Шығыс Пактің” ұсынды. 1934 жылы сәуірде Франция Сыртқы Істер Министрі Луи Бару Варшаваға келсе, КСРО Германия мен Польшаға Пактің мүшесі болуға шақырды. Бірақ Польша бұл ұсыныстан бас тартады. Бек Латвия мен Эстонияны да тура солай бұл келісімнен бас тартуды талап етеді (История Польши, 1958: 375).

1936 жылы 22 қаңтарда Ұлттар Лигасында Гданьск мәселесі көтеріліп, онда поляктарға қысым жасалып, Гданьск еркін қала мәртебесіне лайық еместігі айтылғанда, Бек поляктар мен немістер арасында ешқандай қайшылық жоқ деп қысқа қайырды. Гданьск үкіметі сол сөзі үшін Бекке алғысын білдірді. Бек Гитлердің Чехословакияны бөлшектегенін, Италияның Абиссинияға шабуылын ақтауға тырысты. Бек Италиямен де жақындасып, Италияға қарсы бағытталған санкцияға қарсылық танытты (История Польши, 1958: 425).

Осы деректерге сүйеніп, 1930 жылдардағы Кеңестер мен Екінші Речь Посполитаның Үшінші Рейхпен қарым-қатынасының дамуына назар аудар аламыз. Кеңес билігі де, Польша да Германиямен жақындасуға тырысқан. Алайда, екеуінің Германиямен жақындасуының әртүрлі себептері бар. Польша Кеңес Одағын шығыстан төнген басты жау деп санады. Юзеф Пилсудский 1920 жылы болған Польша-Ресей соғысын ойынан шығармады. Ол соғыста Польша Ресейді жеңген еді. Сондықтан КСРО кек қайтаруға тырысады деп ұққан. Алайда, Германияны да ерекше дос санамады. Оған қарсы Англиямен және Франциямен одақтасты. Осылайша, Польшаның көпвекторлы саясатты ұстанғанын көреміз.

Польшаның Ішкі Істер Министрі Бек Англиямен келіссөзінде Англияның Данциг қаласын Германияға бере салу керек деген пікіріне қасқая қарсы шыққан. Ол Англияны Германиямен бірікпейміз, бірақ Данциг қаласын ешкімге бермейміз деп иландыруға тырысты. Гитлермен сөйлескенде, Гитлердің Данциг қаласын поляктардың еншісінде қалдырамыз деген сөзіне сенді.

Герман Геринг 1935 жылы Польшаға келіп, бірігіп, Ресейге қарсы соғысуды ұсынады. Жоспар бойынша Украинаның жері Польшаға кіріп, солтүстік-батыс Ресейдің жері Германияға қосылу керек еді. Ол бұл соғыстың алдын алу үшін жасалу керек деп түсіндірді. Бірақ Пилсудский бұл ұсыныстан бас тартты (Будурович, 1958: 19). Геринг Польшаның елшісі Липскиймен 1938 жылы 10 тамызда, 24 қазанда және 15 желтоқсанда болған кездесулерде Кеңес Одағына қарсы күресуге шақырды (Будурович, 1958: 24). Польша өз кезегінде Германия Польшамен шынайы дос болғысы келсе, Ресеймен дипломатиялық байланысты үзу керек екенін мәлімдеп отырды (Будурович, 1958: 26). 1939 жылы 21 наурызда герман-поляк елшілері арасында келіссөз болып, немістер Данциг Германияға қараған жағдайда, Познань ауданындағы шекарадағы қауіпсіздікті Германия өз мойнына алатындығын мәлімдеген еді. Липский үшін бұл талап шектен асандық болып сезілді [Празмовская, 1986: 862 б.].

Польша Германиядан қорғану үшін Англиядан және Франциядан көмек күтті. Алайда, екі ел Польша мен Румынияның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құжатқа қол қойған жағдайда Германияны ашуландырамыз деп қорқатын (Александровф, Роузкранс, 1977: 410).

Ұлыбритания Италиямен тығыз байланыста болғандықтан, Кеңес Одағымен одақ құра алмады. Ал Польша Кеңес Одағымен біріккен

жағдайда Германияның шабуылына тап болатынына басып айтып отырды. Ұлыбритания Польшадан Кеңес билігімен жақындасуға шақырған. Бірақ поляктарды көндіре алмады (Странг, 1996: 737).

Польшаның Германияның қолшоқпары болмағанын ұғуымыз қажет. Олар өзін аймақтық держава деп қарастырды. Тіпті, шекаралас шағын мемлекеттерді қосып алуға тырысты.

Чехословакияның бөлшектелуіне Польша аса мүдделі болды. Бірақ Германия бұл жерді толығымен басып алады деп ойламаған. Польша Австрияның Германия құрамына қосылуына қарсылық танытпаса да, Тешин қаласын қосып алып, Венгриямен шекаралас ел болуды армандады. Бұл ниетті 1938 жылы қыркүйекте Юзеф Бек Чехословакияға да, Германияға да білдірді (Чиенциала, 2011с: 134). 1938 жылы қыркүйекте Мюнхень келісіміне сәйкес, Германия Судет облысын алса, Венгрия Карпат пен Словакияның оңтүстігін, ал Польша Заользьені (Тешинді) Чехословакиядан тартып алу туралы қаулыны қабылдайды (Чиенциала, 2011с: 136-137).

Сырт көзге Польша Германияның қолжаулығы болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, Польша Заользьені қосып алу арқылы Польша-Румыния-Венгрия үштігін құрып, Германияға қарсы одақ құра алады деп үміттенген еді. Польша шығыста Румыниямен және Венгриямен бірге, ал батыста Франциямен бірігіп, Германияның экспансиялық қарқынын бәсеңдетеді деп ойлаған (Чиенциала, 2011с: 140). Польшаның бұндай саясаты Кеңес билігіне ұнамады. 1938 жылы 23 қыркүйекте Кеңес Одағы Чехословакияға қатысты басқыншылық жорығын тоқтатпаса, екі тарап арасындағы келісімшарттардың күшін жоятынын мәлімдеді (Чиенциала, 2011с: 143).

1938 жылы 27 қыркүйекте Польша Мюнхен конференциясының арқасында 1919 жылы жоғалтып алған Тешин қаласын Чехословакиядан алуға кірісті. Онымен қоса, Оңтүстік Карпат облысының Венгрияға қосып, көршілес болуға ұмтылды. Алайда, бәрі ойдағыдай болмайды. Германияға Румыния, Венгрия, Чехословакия тәуелді болды. Данциг поляктар мен немістердің арасындағы қарым-қатынастың бұзылуына себеп болған қалаға айналды. Данцигты күшпен басып алу керек деген сөздер немістер арасында жиі таралды. Поляктарға Гитлер Данцигтың беруін талап еткен. Гитлер экономикалық жағынан қаланың поляктардың қолында қауіпсіздікте болатынын бірнеше рет мәлімдеген (Празмовская, 1986: 857). Германияның 1939 жылы Чехословакияны бөліске салуы, Словакияда Польшаның ықпал ету тетіктерін пайдалана алмауы Польшаны беймаза қылды.

Онымен қоса, Үшінші Рейх Литвамен келіссөз жүргізіп, Мемель қаласын қосып алды. Сөйтіп, Балтық теңізіндегі Данцигтің қауіпсіздігіне қатер төнді. 1939 жылы 16 наурызда Венгриямен бірге Польша Карпат өңірін қосып алады (Празмовская, 1986: 861).

Польшаның нені көкसेгенін ұғу үшін Польша елшілігі мен Германия елшілігі арасындағы келіссөздерге назар аудару керек. Юзеф Бек Карпат асты Русьті Венгрияға беріп, Германияның шығысқа бағытын тежегісі келді. Егерде Германия шығысқа әскер енгізсе, поляк-венгр блогінің қарсылығына тап болушы еді (Чиенциала, 2009b: 253).

1938 жылы 30 қыркүйекте Судет облысын Германияға қосу туралы Мюнхен келісімі орын алғанда Чемберлен мен Даладье фашизмнің батысқа емес, шығысқа бағытталуына бар күшін салды. Тура сол Мюнхенде Гитлер Чемберленмен өзара шабуыл жасаспау туралы келісімшарт жасасты. 1938 жылы 6 желтоқсанда тура солай Риббентроп Париждегі француз өкілімен келіссөз жүргізеді (История Польши, 1958: 435). 1938 жылы 2 қазанда Польша әскері Чехословакияның Тешиндік Силезияға басып кірді. 1938 жылы 24 қазанда Польша елшісі Липский Риббентроппен кездесіп, Венгрия мен Польша арасында шекараның пайда болуы Үшінші Рейхтің пайдасына шешіледі деп көндірмек болды. Поляктардың пиғылын ұққан немістер поляктардың жоспарын іске асырмайды. Риббентроп қайтадан Гданьсктың Германияның қарамағына өтіп, поляктарға сол жерде сауда жасауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Германия міндеттеледі деген ұсыныс жасады. Риббентроп Карпаттық Украинаны жеке мемлекет қылуды ұсынды. Солай, Польшаның Венгриямен бірігу ниетіне балта шапты (История Польши, 1958: 438). 1939 жылы 15 наурызда немістер Чехословакияға басып кірді. Гитлер Чехия мен Моравияда неміс протектораттығын жариялады. Осыдан кейін Словакия тәуелсіздік алып, Берлин Карпаттық Украинаны Венгрияға берді. Сөйтіп, Польшаға шабуылдың алғышартын жасады.

Чехословакия бөлшектеу ісіне Польша да, Венгрия да, Германия да белсене кірісті. Пилсудский егер Словакия Венгриямен одақтас болса, Карпат тауы Польша мен Венгрия арасындағы шекараға айналса, чехтар большевиктермен байланыс орната алмайды деп үміттенді (Гай-Ныжнык, 2011: 28).

1939 жылы 14 наурызда Словакия тәуелсіздігін жарияласа, ал Чехияны Германия жаулап алады (Гай-Ныжнык, 2011: 39). 1939 жылы 14 наурызда Венгрия 1939 жылы 12 наурызда өз-өзін жеке мемлекет деп жариялаған Карпаттық Украинаға басып кіріп, 5 мың украиндықтарды түрмеге қамайды, оккупация салдарынан 183395 адам лагерьлерде қамалып, 115 мыңы көз жұмған (Гай-Ныжнык, 2011: 41). 1938 жылы 11 қазанда II Речь Посполитаның шешімімен Заользіндік Силезия ресми түрде ел құрамына кірді (Струнец, 2011: 136).

Поляктар жаулап алған жерлерде өз әкімшілік билігін орнатады. Нәтижесінде 30 мың чех пен 5 мың неміс аймақты тастайды. Бұл барлық ауданда 230 мың адам өмір сүргенін ескерсек, толғандырарлық жаға ұстатарлық жағдай (Струнец, 2011: 151).

Венгрия жеріне қараған 900 мың словактардың 50 мыңы венгрлер жүргізген саясат салдарынан елден кетті. Онымен қоса, Польшаның солтүстік-шығыс аудандарынан Кеңес жеріне 125 мың адам күштеп көшірілді. 20 мың босқындар Беларусь Кеңестік Социалистік Республикаға ауды (Струнец, 2011: 153).

Польша Германиямен ауыз жаласып, Еуропаның саяси картасын өзгерткенмен де, Германияның Кеңес билігімен бірігіп, одақ құруын күтпегенге ұқсайды. Польша елшісі Эдвард Бернад Рачинский 1939 жылы 17 қыркүйекте Кеңес Үкіметіне қарсылық нотасын жариялайды. Польша елшісі Кеңес Одағына қарсы соғыс ашу керектігін мәлімдейді. Англия Сыртқы Істер Министрі Галифакс Польша мен Англия арасында жасасқан келісімшартта Англия Польшаға Еуропадағы бір ел шабуыл жасағанда қорғайды делінген деп мәлімдеді. “Еуропалық ел” дегенде Германияны меңзеді деп жеткізді. Рачинский Польшаның тұтастығын сақтау-бүкіл Еуропаның тұтастығын сақтаумен парапар деген. Алайда, Германияға қарсы Кеңес Одағының болашақта көмегі боларын білген ағылшын және француз үкіметтері қойылған талапқа жауап беруден жалтарды. Англияның не себепті Кеңес билігіне соғыс ашпағаны түсінікті (Суорд, 1991: 87-88).

Этнодемографиялық өзгерістер тек Екінші Речь Посполита жерінде емес, Литвада да орын алды. 27 мың поляктар Литва еліндегі Мемель (Клайпеда) жеріне көшті (Балкелис, 2007: 461). Бірақ литвалықтар босқындарды қабылдауға дайын емес болып шықты. 1940 жылы наурызда Литва үкіметі 83 мың поляктарға азаматтық беруден бас тартады. Сондықтан босқындардың

саны 100 мыңға жетеді. 1945-1946 жылдары репатриция жасалып, Кеңестік Литвадан Польшаға 196 мың поляктар қайтады (Балкелис, 2007: 463).

Поляктарды Кеңес Одағының ішкі аймақтарына депортациялау көбіне 1936 жылы басталды деп жазылады. Шын мәнінде, бұл үдеріс ертерек басталған. 1935 жылдың 20 ақпаннан 10-шы наурызға дейінгі уақытта 8329 адам Киев пен Виннициядан Украинаның шығысына депортацияланды. Депортацияланғандардың 57, 3 пайызы поляктар мен немістер болды. 1935 жылы шілдеде Украинның шенеуніктері Мархлевски ауданынан поляктар жеткілікті деңгейде қудаланбағанын мәлімдеді. 300 поляк шаруашылықтарын депортациялау қажет деген өтініш хатты кеңес билігі мақұлдайды. 1935 жылы қазанда 1500 поляк шаруашылықтары депортацияланып, Украина жерін поляктардан “тазарту” ашық жүргізілді. 1936 жылы 15000 неміс және поляк шаруашылықтары ендігі жолы Қазақстанға көшірілді (Мартин, 1998: 848-849). 1936 жылы қыркүйекте Қазақстанға Украинадан 14 048 отбасы, яғни 63 976 адам көшірілді. Алматы облысына 650 отбасы көшіріліп, оның 250-і Талдықорғанда, 150-і Қараталда, 350-і Іледе жайғасты (ҚР ОМ, Қ. 30, Т. 10. Іс. 8. П. 1-7.).

Кеңес әскерлері Батыс Украинаны қосып жатқанда, 20-30 мыңға жуық украиндар Кеңес-Герман шекарасының батыс шағына көшуді күп санады. 1939 жылғы қарашадағы Герман-Кеңес келісімшарты көші-қон мәселесіне сәйкес, 1940 жылдың ақпанында Батыс Украинаға 5 мың лемка (украин халқына жататын субэтнос), 6 мың украин Холмщинадан қоныс аударды. 23000 отбасы немесе 69000 тұрғындарды Волынь қабылдауы тиіс еді. 1939 жылы желтоқсанда Мәскеу мен Берлин поляк босқындарын Германияға орналастыру бойынша келісімге келіп, 66 мың адам Германияға келді. Оның ішінде 3200 неміс және 1600 еврей де болды (Трофимович, 2011: 266-267).

1940 жылдың наурыздың жиырмасында Лаврентия Берия Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары С.Н. Бурдаковқа Батыс Украина мен Беларусь облыстарынан қоныстандырылатын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын қабылдауға дайындалу, қажетті материалды көмек беру, тұрғын үймен қамтамасыз ету Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан жер аударылатын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын қабылдауға дайындалу туралы бұйрық берді. Поляк соғыс тұтқындарының ішінде ірі помещиктер, полиция қызметкерлері, офи-

церлер болды. 25 мың отбасыларының 75-100 мыңға жуық қоныстанушыларды Қазақ Кеңестік Социалистік Республикаға 10 жылға жер аударылатыны хабарланды (Көкебаева, 2012b: 45-46). Бұл үдеріс 1940 жылы 13 сәуірде басталып, қазіргі Қазақстанның солтүстік облыстарына 28 мың бұрынғы поляк тұрғындары келді. Павлодар облысына келген 11 201 жер аударылғандардың 5 мыңы өндіріс орындары мен кеңшарларда жұмыспен қамтамасыз етілді (ҚРПМ, Қ. 708. Т. 14/2. Іс. 55. П. 111-115).

1941 жылы 14 мамырда жер аударылғандарға қатысты жаңа қаулы шығып, 21 мамырда депортациялаудың төртінші толқыны басталады. 1941 жылы мамыр-маусым айларында Украинаның батысынан Қазақстанға 11 мың адам, Беларусь елінің батысынан 24 мың адам депортацияланды. Төртінші толқын басталғалы үш жыл ішінде Қазақстанға 103 757 поляктар көшірілген (Көкебаева, 2012b: 50).

Соғыс кезінде күштеп көшірілген халықтардың санына назар аударсақ, біраз айырмашылықтарды байқаймыз. Мысалы, Кеңес Одағының ішкі аудандарына 400 мың адам көшірілді деген мәлімет бар. 1944 жылы Польша Республикасының елшілігі қызық деректер келтірді: Иранға көшірілген 120 мың адамның 52 пайызы этникалық поляк, ал 30 пайызы еврей болған (Кульчицкий, 2002: 258). Германия 1,7 миллион поляктарды Польшадан көшіріп, Польшаның ішкі аудандарына 300 мың этникалық немістерді көшірді. Бұны жаулап алынған аймақтарда немістердің санын көбейту үшін жасағаны түсінікті (Кульчицкий, 2002: 260). Воыньда украиндар соғыс кезінде 40 мың поляктар Польша тұрғындарын қырып салды. Болашақта кералаң, аласапыран заман келетінін білген поляктардың 300 мыңы тұрған жерлерін тастаған. Поляктар қарымтасын қайтару мақсатында 400 украиндықтардың белді тұрғындарының көзін жойды (Кульчицкий, 2002: 262). 40 мыңға жуық поляк, беларусь, украиндар мен еврейлер Қазақстан мен Сібірге Воыньнан 1940 жылдың ақпанынан 1941 жылдың мамыр аралығында депортацияланды. Соғыстан кейін көші-қон толастамады. 1946 жылы “Вистула жоспары” бойынша оңтүстік-шығыс Польшадағы украиндарды солтүстік-батыс Польшаға депортациялайды. 482 мың украиндарды 1944-1947 жылдары Кеңес Одағына күштеп қоныстандырады (Гатрелл, 2007: 522). 140 660 украиндар Оңтүстік-шығыс Польшадан Солтүстік және Батыс Польшаға күштеп көшіріледі де, қарсылық танытқандар, басқа жерге көшкісі келгендер атылды (Снайдер, 2003:

199). Онымен қоса, 780 мың поляк пен еврейлер Кеңестік Украинадан Польшаға 1944-1946 жылдары қайта қоныстандырылғанын, сөйтіп, көші-қон толқындары түсініксіз, қым-ғуыт болғандығын аңғаруымыз қажет (Снайдер, 2003: 187).

1944-1946 жылдары 159241 украин азаматтары Орталық және Шығыс Украинаға көшірілсе, 323858 азамат Батыс Украинаға қайта қоныстандырылды (Снайдер, 2003: 204). Сол жылдары 260 мың украиндар Кеңес Одағына Польшадан көшірілді.

Кейбір авторлардың пікірінше, КСРО Польша коммунистері үшін керемет саяси модель болды. Кеңес үкіметі халықтарды мәжбүрлі түрде және ерікті түрде бір жерден екінші жерге көшіру арқылы елді бір ұлттық елге айналдыра алған. Польша да КСРО-ға еліктей отырып, Польшадағы украин халқын Кеңес Одағына көшіру арқылы Польшаның қауіпсіздігі мен тұтастығына қауіп төндіретін этностарды азайтқан болатын (Кульчицкий, 2002: 272).

Қорытынды

Польша Екінші Дүниежүзілік соғыста Германияның да, КСРО-ның да қолшоқпарына айналмады. Олар өзін аймақтық держава деп қарастырып, бұрын жоғалтып алған аймақтарды қосуға тырысты. Чехословакияға кеткен жерлерді қосып алып, өзінің ықпал ету аймағына Венгрияны, Литваны, Румынияны қосқысы келді. Сол жерлерді қосу үшін Германиямен жақындасуға тура келді. Польша Германияға қарсы КСРО-мен бірігудің орнына Румыния және Венгрия сынды шағын мемлекеттермен бірігудің арқасында Германияның шабуылына төтеп береді деп ойлады. Батыстың алдыңғы қатарлы елдерімен Польша тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтау жөніндегі келісімшарт жасасып, кеңес билігімен және немістермен арасалмақты сақтауға тырысты. Батыс елдері Польшаны қорғай алмады, ал Польша Германиямен жақындасуға мәжбүр болды. Алайда, Польша Германияның қолшоқпары болмады. 1944 жылы қарашаның жиырма тоғызында Британдық Лордтар Палатасында Польша мәселесі бойынша айтыста Вискоунт Самуэль: “тарих мықты әрі тәуелсіз Польша не Германиямен, не Ресеймен одақтаспай, достық қарым-қатынас құрмай, ұзақ уақыт өмір сүре алмайтынын көрсетті” деп мәлімдеді. Польша екі мемлекет арасында көпвекторлы саясат ұстанғандықтан, жеңіліске ұшырады (Пешке, 1985: 436).

Екінші Речь Посполитаның саяси картадан жоғалуы еврей, поляк, украин және беларусь халықтарының босып, этнодемографиялық және саяси өзгерістерге алып келді. Кеңес Одағы және соғыстан кейін тұтастығын қалпына келтірген Польша Республикасы ұлттық және саяси мәселелерді шешу үшін депортация саясатына

жүгінді. КСРО халықтарды Сібір мен Қазақстанға көшіріп, бұрынғы поляк тұрғындарының санын Батыс Украина мен Батыс Беларусь елінде азайтты. Польша елі де украиндарды Польшаның солтүстік-батысына көшіру арқылы олардың сандық үлесін азайтып, ұлттық мәселені шешкен болатын.

Әдебиеттер

- Гай-Ныжнык. П.П. (2011). Карпатская Украина и Мюнхенский договор//Западная Белоруссия и Западная Украина в 1939-1941 гг.: люди, события, документы. СПб.: Алетейя. 424 с.: ил.
- История Польши. В 3 томах. (1958). Том III/Под ред. Ф. Г. Зуева, А. Я. Манусевича, И. А. Хренова.-М.: Изд-во Академии наук СССР. 668 с.
- Көкебаева Г.К. (2011). Дүниежүзілік соғыстар аралығындағы герман-поляк қатынастары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. № 1. Б.50-56.
- Көкебаева Г.К., Сманова А.М. (2012). Польша – Қазақстан: тоғысқан тағдырлар. Монография. Алматы: Molia & DOS, 208 б.
- ҚРОМ, 30-к., 10-т., 8-іс.
- ҚРПМ, 708-к., 14/2-т., 55-іс.
- Струнец. С.В. (2011). Этнические окраины многонациональных государств в кризисные периоды военно-политической нестабильности (осень 1938 – осень 1939 годов)//Западная Белоруссия и Западная Украина в 1939-1941 гг.: люди, события, документы. СПб.: Алетейя. 424 с.: ил.
- Трофимович. В.В. (2011). Этнодемографические изменения в Восточной Галиции и Волыни (1939–1941) //Западная Белоруссия и Западная Украина в 1939-1941 гг.: люди, события, документы. СПб.: Алетейя. 424 с.: ил.
- Alexandroff A., & Rosecrance R. (1977). Deterrence in 1939. *World Politics*, 29(3), 404–424. <https://doi.org/10.2307/2010003>. Accessed 5 Feb. 2024.
- Armstrong J. L. (1990). Policy toward the Polish minority in the Soviet Union, 1923–1989. *The Polish Review*, 35(1), 51–65. <http://www.jstor.org/stable/25778477>. Accessed 27 Feb. 2024.
- Balkelis T. (2007). War, Ethnic Conflict and the Refugee Crisis in Lithuania, 1939-1940. *Contemporary European History*, 16(4), 461–477. <http://www.jstor.org/stable/20081378>. Accessed 21 Feb. 2024.
- Barany G. (1983). Jewish Prisoners of War in the Soviet Union During World War II. *Jahrbücher Für Geschichte Osteuropas*, 31(2), 161–209. <http://www.jstor.org/stable/41047535>. Accessed 20 Mar. 2024.
- Bell P. M. H. (1989). Censorship, Propaganda and Public Opinion: The Case of the Katyn Graves, 1943. *Transactions of the Royal Historical Society*, 39, 63–83. <https://doi.org/10.2307/3678978>. Accessed 26 Feb. 2024.
- Budurowycz B. (1958). Poland and Hitler's offers of alliance. *The polish review*, 3(4), 16–29. <http://www.jstor.org/stable/25776202>. Accessed 2 Feb. 2024.
- Buzinkai D. I. (1965). Poland and the League of Nations, 1934-1939: a political analysis. *The Polish Review*, 10(4), 52–83. <http://www.jstor.org/stable/25776630>. Accessed 12 Feb. 2024.
- Cienciala A. M. (1996). General Sikorski and the conclusion of the Polish-Soviet agreement of July 30, 1941: A Reassessment. *The Polish Review*, 41(4), 401–434. <http://www.Jstor.Org/Stable/25778954>. Accessed 9 Apr. 2024.
- Cienciala A. M. (2009). [Review of Polish Foreign Policy and the Czechoslovak Crisis of 1938 as Reflected in Polish Diplomatic Documents. A Discussion of Polskie Dokumenty Dyplomatyczne 1938 [Corrected title: Polish Foreign Policy and the Czechoslovak Crisis of 1938 as Reflected in Polish Diplomatic Documents. A Discussion of "Polskie Dokumenty Dyplomatyczne 1938"], by M. Kornat, P. Długołęcki, M. Konopka-Wichrowska, & M. Przyłuska]. *The Polish Review*, 54(2), 243–262. <http://www.jstor.org/stable/25779814>. Accessed 5 Apr. 2024.
- Cienciala A. M. (2011). The Foreign policy of Józef Piłsudski and Józef Beck, 1926-1939: misconceptions and interpretations. *The Polish Review*, 56(1/2), 111–151. <http://www.jstor.org/stable/41549951>. Accessed 3 Feb. 2024.
- Drzewieniecki W. M. (1966). Poland and the League of Nations. *The Polish Review*, 11(1), 109–120. <http://www.jstor.org/stable/25776648>. Accessed 11 Feb. 2024.
- Gatrell P. (2007). Displacing and Re-Placing Population in the Two World Wars: Armenia and Poland Compared. *Contemporary European History*, 16(4), 511–527. <http://www.jstor.org/stable/20081381>. Accessed 21 Feb. 2024.
- Kaminski A. Z., & Kaminski B. (2009). Road to "People's Poland": Stalin's Conquest Revisited. In V. Tismaneanu (Ed.), *Stalinism Revisited: The Establishment of Communist Regimes in East-Central Europe* (pp. 195–228). Central European University Press. <http://www.jstor.org/stable/10.7829/j.ctt1281tc.11>. Accessed 13 Mar. 2024.
- Kulczycki J. J. (2002). The Soviet Union, Polish communists, and the creation of a Polish nation-state. *Russian history*, 29(2/4), 251–276. <http://www.jstor.org/stable/24660787>. Accessed 2 Mar. 2024.
- Kulski W. W. (1978). The Soviet Union, Germany and Poland. *The Polish Review*, 23(1), 48–57. <http://www.jstor.org/stable/25777543>. Accessed 1 Feb. 2024.

- Martin T. (1998). The Origins of Soviet Ethnic Cleansing. *The Journal of Modern History*, 70(4), 813–861. <https://doi.org/10.1086/235168>. Accessed 28 Feb. 2024.
- Orzell L. (1976). Poland and Russia, July 1941-April 1943: the “impossible” alliance. *The Polish Review*, 21(4), 35–58. <http://www.jstor.org/stable/25777434>. Accessed 6 Apr. 2024.
- Peszke M. A. (1985). The September 1939 campaign in Poland [Review of *The Polish Campaign 1939*, by S. Zaloga & V. Madej]. *The Polish Review*, 30(4), 427–436. <http://www.jstor.org/stable/25778166>. Accessed 11 Mar. 2024.
- Pinchuk B.-C. (1978). Jewish Refugees in Soviet Poland 1939-1941. *Jewish Social Studies*, 40(2), 141–158. <http://www.jstor.org/stable/4467001>. Accessed 18 Feb. 2024.
- Piotrowski T. (1998). Poland’s Holocaust: Ethnic Strife, Collaboration with Occupying Forces and Genocide in the Second Republic, 1918-1947. McFarland. P. 437.
- Prazmowska A. J. (1986). Poland’s Foreign Policy: September 1938 – September 1939. *The Historical Journal*, 29(4), 853–873. <http://www.jstor.org/stable/2639359>. Accessed 2 Feb. 2024.
- Redlich S. (1969). The Jewish Antifascist Committee in the Soviet Union. *Jewish Social Studies*, 31(1), 25–36. <http://www.jstor.org/stable/4466454>. Accessed 19 Feb. 2024.
- Snyder T. (2003). *The reconstruction of nations: Poland, Ukraine, Lithuania, Belarus, 1569-1999*. Yale University Press: New Haven & London. 367 p.
- Strang G. B. (1996). Once More unto the Breach: Britain’s Guarantee to Poland, March 1939. *Journal of Contemporary History*, 31(4), 721–752. <http://www.jstor.org/stable/261045>. Accessed 6 Feb. 2024.
- Sword K. (1991). British Reactions to the Soviet Occupation of Eastern Poland in September 1939. *The Slavonic and East European Review*, 69(1), 81–101. <http://www.jstor.org/stable/4210519>. Accessed 10 Feb. 2024.

References

- Gay-Nyzhnyk. P.P. (2011). *Carpatskaya Ukraina i Münhenskiy dogovor [Carpathian Ukraine and the Munich Agreement] // Zapadnaya Belarussia i Zapadnaya Ukraina v 1939-1941: lüdi, sobytia, documenty*. St. Petersburg: Aleteya. 424 p.: ill.
- Istoriya Polshy. V 3 tomah [The history of Poland. In 3 volumes.] (1958). Tom III/ Pod red. F. G. Zuev, A. Ya. Manusevich, I. A. Khrenov. – M.: Izd-vo Akademii nauk SSSR. 668 s.
- Kokebayeva G.K. (2011). Düniezhužilik soğystar aralyğyndağy german-polyak k’atynastary [German-Polish relations between the World wars] // *Abaj atyndagy K’azÜPU habarshysy «Tarih zháne saiasi-äleumetik gylymdar»*. No.1. P. 50-56.
- Kokebayeva G.K., Smanova A.M. (2012). *Pol’sha-K’aza’kstan: toğysk’an tağdyrlar*. Monografiia [Poland-Kazakhstan: intertwined destinies. Monograph]. Almaty: Molia & DOS, P. 208.
- Strunets S.V. (2011). Ätnicheskie okrainy mnogonacional’nyh gosudarstv v krizisnye periody voenno-politicheskoy nestabil’nosti (osen’ 1938-osen’ 1939 godov) [Ethnic outskirts of multinational states in crisis periods of military and political instability (autumn 1938 – autumn 1939)] // *Zapadnaya Belarussia i Zapadnaya Ukraina v 1939-1941: lüdi, sobytia, documenty*. St. Petersburg: Aleteya. 424 p.: ill.
- Trofimovich. V.V. (2011). Ätnodemograficheskie izmeneniya v Vostochnoj Galicii i Volyni (1939-1941). [Ethnodemographic changes in Eastern Galicia and Volhynia (1939-1941)] // *Zapadnaya Belarussia i Zapadnaya Ukraina v 1939-1941: lüdi, sobytia, documenty*. St. Petersburg: Aleteya. 424 p.: ill.
- K’ROM F. 30, Op. 10, D. 8, p.1-7.
- K’RPM F. 708, Op. 14/2, D. 55, p.111, 115.
- Alexandroff A., & Rosecrance R. (1977). Deterrence in 1939. *World Politics*, 29(3), 404–424. <https://doi.org/10.2307/2010003>. Accessed 5 Feb. 2024.
- Armstrong J. L. (1990). Policy toward the Polish minority in the Soviet Union, 1923–1989. *The Polish Review*, 35(1), 51–65. <http://www.jstor.org/stable/25778477>. Accessed 27 Feb. 2024.
- Balkelis T. (2007). War, Ethnic Conflict and the Refugee Crisis in Lithuania, 1939-1940. *Contemporary European History*, 16(4), 461–477. <http://www.jstor.org/stable/20081378>. Accessed 21 Feb. 2024.
- Barany G. (1983). Jewish Prisoners of War in the Soviet Union During World War II. *Jahrbücher Für Geschichte Osteuropas*, 31(2), 161–209. <http://www.jstor.org/stable/41047535>. Accessed 20 Mar. 2024.
- Bell P. M. H. (1989). Censorship, Propaganda and Public Opinion: The Case of the Katyn Graves, 1943. *Transactions of the Royal Historical Society*, 39, 63–83. <https://doi.org/10.2307/3678978>. Accessed 26 Feb. 2024.
- Budurowycz B. (1958). Poland and Hitler’s offers of alliance. *The Polish Review*, 3(4), 16–29. <http://www.jstor.org/stable/25776202>. Accessed 2 Feb. 2024.
- Buzinkai D. I. (1965). Poland and the League of Nations, 1934-1939: a political analysis. *The Polish Review*, 10(4), 52–83. <http://www.jstor.org/stable/25776630>. Accessed 12 Feb. 2024.
- Cienciala A. M. (1996). General Sikorski and the conclusion of the Polish-Soviet agreement of July 30, 1941: A Reassessment. *The Polish Review*, 41(4), 401–434. <http://www.Jstor.Org/Stable/25778954>. Accessed 9 Apr. 2024.
- Cienciala A. M. (2009). [Review of *Polish Foreign Policy and the Czechoslovak Crisis of 1938 as Reflected in Polish Diplomatic Documents*. A Discussion of *Polskie Dokumenty Dyplomatyczne 1938* [Corrected title: *Polish Foreign Policy and the Czechoslovak Crisis of 1938 as Reflected in Polish Diplomatic Documents*. A Discussion of “*Polskie Dokumenty Dyplomatyczne 1938*”], by M. Kornat, P. Długołecki, M. Konopka-Wichrowska, & M. Przyłuska]. *The Polish Review*, 54(2), 243–262. <http://www.jstor.org/stable/25779814>. Accessed 5 Apr. 2024.

- Cienciala A. M. (2011). The Foreign policy of Józef Piłsudski and Józef Beck, 1926-1939: misconceptions and interpretations. *The Polish Review*, 56(1/2), 111–151. <http://www.jstor.org/stable/41549951>. Accessed 3 Feb. 2024.
- Drzewieniecki W. M. (1966). Poland and the League of Nations. *The Polish Review*, 11(1), 109–120. <http://www.jstor.org/stable/25776648>. Accessed 11 Feb. 2024.
- Gatrell P. (2007). Displacing and Re-Placing Population in the Two World Wars: Armenia and Poland Compared. *Contemporary European History*, 16(4), 511–527. <http://www.jstor.org/stable/20081381>. Accessed 21 Feb. 2024.
- Kaminski A. Z., & Kaminski B. (2009). Road to “People’s Poland”: Stalin’s Conquest Revisited. In V. Tismaneanu (Ed.), *Stalinism Revisited: The Establishment of Communist Regimes in East-Central Europe* (pp. 195–228). Central European University Press. <http://www.jstor.org/stable/10.7829/j.ctt1281tc.11>. Accessed 13 Mar. 2024.
- Kulczycki J. J. (2002). The Soviet Union, Polish communists, and the creation of a Polish nation-state. *Russian history*, 29(2/4), 251–276. <http://www.jstor.org/stable/24660787>. Accessed 2 Mar. 2024.
- Kulski W. W. (1978). The Soviet Union, Germany and Poland. *The Polish Review*, 23(1), 48–57. <http://www.jstor.org/stable/25777543>. Accessed 1 Feb. 2024.
- Martin T. (1998). The Origins of Soviet Ethnic Cleansing. *The Journal of Modern History*, 70(4), 813–861. <https://doi.org/10.1086/235168>. Accessed 28 Feb. 2024.
- Orzell L. (1976). Poland and Russia, July 1941–April 1943: the “impossible” alliance. *The Polish Review*, 21(4), 35–58. <http://www.jstor.org/stable/25777434>. Accessed 6 Apr. 2024.
- Peszke M. A. (1985). The September 1939 campaign in Poland [Review of *The Polish Campaign 1939*, by S. Zaloga & V. Madej]. *The Polish Review*, 30(4), 427–436. <http://www.jstor.org/stable/25778166>. Accessed 11 Mar. 2024.
- Pinchuk B.-C. (1978). Jewish Refugees in Soviet Poland 1939-1941. *Jewish Social Studies*, 40(2), 141–158. <http://www.jstor.org/stable/4467001>. Accessed 18 Feb. 2024.
- Piotrowski T. (1998). Poland’s Holocaust: Ethnic Strife, Collaboration with Occupying Forces and Genocide in the Second Republic, 1918-1947. McFarland. P. 437.
- Prazmowska A. J. (1986). Poland’s Foreign Policy: September 1938 – September 1939. *The Historical Journal*, 29(4), 853–873. <http://www.jstor.org/stable/2639359>. Accessed 2 Feb. 2024.
- Redlich S. (1969). The Jewish Antifascist Committee in the Soviet Union. *Jewish Social Studies*, 31(1), 25–36. <http://www.jstor.org/stable/4466454>. Accessed 19 Feb. 2024.
- Snyder T. (2003). *The reconstruction of nations: Poland, Ukraine, Lithuania, Belarus, 1569-1999*. Yale University Press: New Haven & London. 367 p.
- Strang G. B. (1996). Once More unto the Breach: Britain’s Guarantee to Poland, March 1939. *Journal of Contemporary History*, 31(4), 721–752. <http://www.jstor.org/stable/261045>. Accessed 6 Feb. 2024.
- Sword K. (1991). British Reactions to the Soviet Occupation of Eastern Poland in September 1939. *The Slavonic and East European Review*, 69(1), 81–101. <http://www.jstor.org/stable/4210519>. Accessed 10 Feb. 2024.

Авторлар туралы мәлімет:

Бисембайұлы Мирас – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

Сведения об авторе:

Бисембайұлы Мирас – докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

Information about author:

Bissembaiuly Miras – doctoral candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

Поступила: 26.09.2024

Принята: 30.11.2024